

«БЭК елдерінің Бәсекелестік туралы модельдік заңы - ұлттық заңнамаларды үйлестіру негізі» тақырыбында 2013 жылғы 16 қыркүйекте өткен Үкімет сағатының нәтижелері бойынша ҰСЫНЫСТАР

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) төрағасы Б.Б. Қуандықовтың баяндамасын тыңдай келе, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мыналарды **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

-Бәсекелестік туралы модельдік заң жобасымен жұмыс шеңберінде бәсекелестік саясат саласындағы ұлттық мүдделерді қорғау және өзара саудаға теріс әсер етуі мүмкін іс-қимылдарға жол бермеу жөніндегі жұмысты жандандырсын;

-ұлттық заңнамаларды одан әрі үйлестіру мақсатында Бірыңғай экономикалық кеңістік елдерінің монополияға қарсы органдарымен өзара іс-қимыл жасасуды кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастырсын;

-қазақстандық бизнес үшін Кеден одағы елдерінің нарықтарына қолжетімділік бойынша әкімшілік кедергілерді жоюды және адал бәсекелестікке тең тәсілдерді, сондай-ақ бірыңғай қағидаларды (стандарттарды сақтау, тауарларды таңбалау, ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану, тауарларды транзиттеу жөніндегі талаптар және т.б.) қамтамасыз ететін болсын;

-үстем жағдайдағы Нарық субъектілерінің мемлекеттік тізілімі институтын жетілдіру, сондай-ақ табиғи монополия субъектілерін бәсекелестік ортаға кезең-кезеңмен шығару бойынша бағдарламаны әзірлеу жөнінде шаралар қолдансын;

-бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органның монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-қимылы фактілері бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, тергеу және жолын кесу жөніндегі қызметін жандандырсын;

-бәсекелестік саясат және монополияға қарсы заңнама саласындағы зерттеулердің ғылыми және әдістемелік базасын дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлесін;

-монополияға қарсы заңнаманы жетілдіру арқылы нарық субъектілері үшін бәсекелестікті қорғау тетіктерін жақсарту, монополистік қызметті шектеу және әкімшілік кедергілерді азайту жөнінде шаралар қолдансын;

-қазақстандық өндірушілер мен тұтынушылардың мүдделерін қорғау үшін бәсекелестік саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және талқылауға бизнес-қоғамдастықтар мен қоғамдық ұйымдарды белсенді түрде тартатын болсын;

-бәсекелестік ортаны кеңейту мақсатында бәсекелестікті шектеуді анықтау нысанасына тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жүзеге асырылуына талдау жүргізісін;

-бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-ресурстарды тарта отырып, мемлекеттік органдар мен бизнес-орта арасында монополияға қарсы заңнама туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізісін.